bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2019

**БӨЛІМ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**

# XVIII ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ НАЗАРЫНДАГЫ ҚАЗАҚСТАН

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 16.11.2019 | https://bilimger.kz/63109/ |

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

ТУРЕМУРАТОВА Л

**Күні:**
**Мектеп:**
**Сынып: 8**

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | **XVIII  ғасырдың басындағы Ресей империасының назарындағы Қазақстан** | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары** | 8.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының  себеп—салдарын анықтау | |
| **Сабақтың мақсаты**: | **Барлық оқушылар:** Ресей империясының құрамындағы ұлттық топтарға талдау жасайды.<br>**Оқушылардың басым бөлігі:** XX ғасырдың басындағы Ресей революциясының басталу себептерін біледі.<br>**Кейбір оқушылар:** Столыпиннің аграрлық реформасының мәні мен аграрлық реформаның Қазақстанға тигізген әсері туралы мағлұмат беріп және тарихи фактілерді өз бетімен талдап, сыни көзқарасын білдіреді. | |
| **Бағалау критерийі** | — Ой толығады;<br>өзіндік ойын ортақ пікірге тоғыстыра біледі<br>әрекетті сыни бағалауды үйренеді; сөйлеу мәнері қалыптасады;<br>сұхбат арқылы кері байланысты үйренеді.<br>Басқа мемлекеттермен ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстырады және анықтайды **(талдайды, түсінеді)** | |
| **Тілдік мақсаттар** | **Негізгі сөздер:** «Орыс», «қырғыз-қайсақ»<br>**Талқылауға арналған тармақтар**<br>-Тақырып бойынша мәтінді оқиды және  талқылайды<br>(Оқылым, тыңдалам, айтылым)<br>**Жазылым бойынша ұсыныстар:**<br>-Венн диаграммасы арқылы  екі мемлекеттің ұқсастығы мен айырмашылығын салыстырады.**(айтылым, жазылым)** | |
| **Құндылықтарға баулу** | — Өз елінің тарихына деген мақтаныш сезімін қалыптастыру;<br>— Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;<br>— Жауапкершілік;<br>— Қарым-қатынас жасау қабілеті. | |
| **Пәнаралық байланыс** | -география<br>— дүниежүзі тарихы | |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | | |
| **Сабақтың барысы** | | |
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу  түрлері** | **Ресурстар** |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**5 мин**<br><br><br><br><br><br><br><br>10 мин | Ұйымдастыру:<br>1.Сәлемдесу<br>2.Түгендеу<br>3. Сыныпта жағымды ахуал туғызу: Оқушылар шаттық шеңберге тұрып, бір-біріне жақсы тілектер айтады.<br>4. Оқу құралдарын сабаққа дайындығын тексеру<br>Білім алушыларды түрлі түсті геометриялық пішіндер тарату арқылы(«Жабғу», «Атабек», «Сюбасшы») 3 топқа бөлемін<br>Мұғалім оқушылардың білімдерін толықтырып жаңа сабақтың тақырыбын анықтайды.<br>**Әдісі: «Ой қозғау»**<br>Ой қозғау арқылы мұғалім білім алушыларға сұрақтар қоя отырып, сабақтың тақырыбын, сабақта не үйренетіндерін айтады | Геометриядық пішіндер арқылы |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

**Сабақтың ортасы**
**25 мин**

Екі ел арасындағы өзара демократиялық және әскери байланыс орнатуға деген мүдделіліктің болғаны оқушыларға өткен сабақтардан таныс. Осы қарым-қатынасты нақтылай түсетін мысалдар келтіре кету керек. Жаңа тақырыпты баяндау барысында орыстар күнделікті өмірде және ресми құжаттарда қазақстарды неге «қырғыз», «қырғыз-қайсақ» атағанын түсіндіремін. Оқушылардың білімділік дәрежесін арттыра түсу мақсатымен, екі ел арасындағы қарым-қатынастың қыр-сырын кесте арқылы терең ашып көрсетеміз.

Оқулық

«XVIII ғасырдың алғагқы үштен біріндегі қазақ-орыс қатынастары»

| Қатынастары | Қазақ хандығы | Ресей мемлекеті |
|---|---|---|
| Дипломатиялық | | |
| Сауда-экономикалық | | |
| Екі ел байланыстарының маңызы | | |

АКТ

Картаның көмегімен әскери бекіністер салудың барысымен танысамыз. Оқиғалар тізбегі:

Орыс-қазақ қатынастарының тарихы ерте кезден басталады, XVIII ғасырдың басынан бастап екі елдің бір-бірін таныып білуге деген қызығушылығы арта түсті. Сібір губернаторы М.П.Гагарин орыс патшасына Ертістен Жаркентке дейінгі алтынға өте бай жасаған жобасын ұсынады. 1715 жылы шілдеде подполковник И.Д. Бухгольц басқарған экспедиция Тобылдан шығып Ертісті бойлай аттанады Экспедициясының жұмысының нәтижесінде Жәмішев және Омбы (1716жылы) бекіністерінің негізі қаланды.
1715-1716 жылдары князь А.Д.Бекович-Черкасскийй экспедициясы Хиуаға жорыққа шықты.
1717 жылы Жәмішевпен Ертісті бойлай әскери қамалдар салу үшін П.Северский мен В.Чередовтың экспедициясы жасақталады. П.Северскийдің отряды Железинск бекінісін салды. В.Чередовтың отряды Калбасинск қамалы тұрғызып, Ертістің оң жағасында Семей бекінісінің (1718 жылы) негізін қалады.
1719-1720 жылдары майор И.М.Лихаревтің экспедициясы Ертісті бойлай жүріп, 1720 жылы Өскемен, Черноярск және Коряков қамалдарын салып шықты .
Кейінірек олардың арасына шағын редуттар мен форпосттар орнатылады. Бұл әскери-қорғаныстың тірек пункттері Жоғары Ертіс шекаралық шебін құрды және жоңғар, т.б. шабуылынан қорғануда зор рөл атқарды.
1722 жылы парсы жорығынан оралған I Петр қазақстарды Орыс мемлекеті құрамына қосып алу жоспары: «... миллионға дейін жұмсалса да, аса көп шығындарға қарамастан... Азияның барлық елдері мен жерлеріне жеткізеді... бағы заманнан естіліп кеткен қырғыз-қайсақ ордаларын Ресей империясының құрамына алу ...» туралы айтты.

**Тапсырма:**
«Аквариум» әдісі арқылы әр топқа оқулықта берілген мәтінді тақырыпша бойынша бөліп беріледі. Білім алушылар мәтінмен танысады.
1-тапсырма
1. Ресей императорлары туралы «суретпен жұмыс»
2-тапсырма
v Ресейдің XIX ғасырдағы әлеуметтік- экономикалық дамуының ерекшеліктері.Тақырыптың мазмұнын аша отырып, «даму ағашын»толтыру.
3-тапсырма Қандай құқық туралы айтылған?
4-топтық тапсырама: Кім? Не? Неге? Қашан? Қайда
v Ресейдің құрамына алғаш өз хандығын қосқан хан? Кім?
v Ресейдің құрамына алғаш Қазақстанның қай аймағы енді? Не?
v Кіші жүздің Ресейге қосылуының себебі неде? Неге?
v Бұл тарихи оқиға қашан болды? Қашан?
v Кіші жүздің Ресейге қосылуын дәлелдеген құжатқа қол қай жерде қойылды? Қайда?

| *( +) Факторлар* | *PEST Анализ:* | *( -) Факторлар* |
|---|---|---|
| *Ұлттардың араласуы, қарым-қатынас* | *P саяси* | *Қазақ жерлері тартып алынып, орыстарға берілді Қазақ халқының өз елінде пайыздық үлесінің азайуы* |
| | *E экономикалық* | |
| | *S әлеуметтік* | |
| | *T технологиялық* | |

**Пролетариат— жұмысшылар тобы*
**Оброк-феодалдық басыбайлы шаруаның азық-түлікмен немесе ақшалай төлейтін жер салығы*
**Барщина— шаруаның жер салығы үшін феодал иелігінде егін істелетін еңбегі*
**Ходоктар – жер көріп қайтушылар (құнарлы жер көріп, таңдау үшін жіберілген шаруалар)*
**Натуралды шаруашылық-өнімді айырбас үшін емес, тек өз қажетінеғана арнап өндірітін шаруашылық*
*6-тапсырма Сөздікмен жұмыс*

*7-тапсырма Суретпен жұмыс*
*Қазақстан Ресей елімен байланысы*
1. *Қазіргі кезеңде Қазақстан-Ресей қарым-қатынастары жоғары деңгейдегі өзара сенім және стратегиялық серіктестіктің дамуымен ерекшеленіп отыр.*
2. *Соңғы жылдары Қазақстан, Ресей және Беларусь елдері бірігіп, Кедендік одақ құрылды*
*3.Абайдың Ресейдегіжылы және А.С.Пушкиннің Қазақстандағы жылының ашылуына ерекше назар аударылды.Мәскеудегі Қазақстан Елшілігі кешеніне жақын Чистопруд бульварында Абай Құнабаевқа арналғанескерткіштің ашылу рәсімі болды.Қазақстандағы А.С. Пушкин жылының аясында Алматыда ақынға ескерткіш,орнатылатын болады.*

Кеспе қағаз

Мұғалім берген сұрағына жауап алған соң, логикалық ойлауды ашу үшін, басқа оқушылардан айтылған идея туралы ойларын сұрайды. Мысалы, «.... идея туралы басқалар не ойлайды?» Тапсырма. Әдісі: «Ашық сұрақ»
Сабақтың түйінді идеяларын қорытындылау үшін ашық сұрақтар беру. Мысалы: Не себептен Оғыз мемлекеті басқа көрші мемлекеттермен жақсы қарым-қатынаста болды?

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың соңы**<br>**5 мин** | Ресей империясы мен қазақ халқы арасындағы қарулы қақтығыс жайлы , оқушыларға жаңа тақырыпты қаншалықты меңгергенін білу үшін, қорытынды тапсырмалар беріліп, сұрақтар қойылады.<br>1-тапсырма. Құжаттармен жұмыс.<br>-Оқулық пен хрестоматиядан тиісті құжаттарды оқыңдар.<br>1. Ресей мемлекеті Қазақ хандығына қатысты саясатында қандай мақсаттарды көздейді?<br>2-тапсырма. Құжаттармен жұмыс.<br>Оқулық пен хрестоматиядан тиісті құжаттарды оқып шығып, мына сұрақтарға жауап беріңдер:<br>И.Д.Бухгольцтің Қазақстандағы әскери экспедициясының мақсатын анықтаңдар.<br>Ертістегі әскери бекіністер не мақсатпен салынды?<br>Сабақты бекіту:<br>Әскери бекіністер салуға қазақ халқы қалай қарады?<br>Орыс бекініс қамалының тұрғындары мен қазақтар арасындағы әскери қақтығыстар неге жиі болып тұрды?<br>Бағалау:<br>сабақтың соңындағы оқушылардың кері байланысы<br>Алтын сандық – құнды мәлімет<br>Фонарик – әлі де іздену керек<br>Қоқыс жәшігі –бұл мәліметтерді бұрыннан білемін | Тақтаға алтын сандық, фонарик, қоқыс жәшігі салынған плакат ілінеді |

| **Саралау- Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?** | **Бағалау- Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау** |
|---|---|---|
| **-Барлық оқушылар:** «Аквариум» әдісі арқылы Оғыз мемлекетінің құрылуын, жер аумағын, тайпалық құрамы мен қоғамдық құрылысын білді.<br>— **Басым оқушылар:** «Венн диаграммасы», «Ашық сұрақ» әдісі арқылы Оғыз мемлекеті мен Қарлұқ қағанатының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтады, оғыз мемлекетінің территориясын көрсетті.<br>— **Кейбір оқушылар:** «Идеялы ойлар» әдісі арқылы мұғалім берген сұрағына жауап алған соң, логикалық ойлауды ашу үшін, басқа оқушылардан айтылған идея туралы ойларын Мысалы, «…. идея туралы басқалар не ойлайды?»<br>Оғыз мемлекетінің саяси құрылымын, көрші мемлекеттермен қандай қарым-қатынас болғанын, Оғыздардың сол уақыттардағы қуатты мемлекет болғанын дәлелдеді. | 2.Қызыл, жасыл, сары түс арқылы топтар бір –бірін бағалайды<br><br>Смайликтер арқылы | -Тоқ көзін мұғалімнің рұқсатынсыз қосуға болмайды<br><br>-Сыныптағы санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтау.<br><br>-АКТ (интерактивті тақта) жұмыстарының пайдалану ережесі. |

| | |
|---|---|
| **Рефлексия**<br><br>Сабақ оқу мақсаттары шынай ма?<br><br>Бүгін оқушылар не білді?<br><br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br><br>Мен жоспарлаған шаралары тиімді болдыма?<br><br>Мен берілген уақыт ішінде үлгердімбе? | Сабақтың мақсаты смарт мақсатта қойылғандықтан, қол жетімді шынайы болды.<br>Оқушылар бүгінгі сабақтан Оғыз мемлекетінің саяси жағдайымен,<br>құрамымен, қоғамдық құрылысын толық меңгерді.<br>Сабақтың ұйымдастыру бөлімінде шаттық шеңбері арқылы оқушылардың көңі күйі көтеріліп, сабаққа деген қызығушылығы арта түсті.<br>Мен өзім жоспарлаған сабақ құрылымындағы әдіс-тәсілдерді қол жетімді, нақты пайдаланғандықтан оқушыларға жақсы әсер етті деп есептеймін.<br>Мен 45 минуттың ішіне әдіс- тәсілдерге арнайы уақыт бөлінгеннен кейін уақытты тиімді пайдалана білдім.<br>Бұл сабағымды жоспарлау\ |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.